

"Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 196 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 17 қантардағы № 26 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 қантарда № 31730 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 196 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12045 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптарында:

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Бұйымдарды жөндеудің (түрлендірудің) барлық сатысында:

- 1) бұйымның атауы мен номірінен;
- 2) түрлендіруді және конструкторлық құжаттаманың және технологиялық құжаттаманың (техникалық шешімдер параптарты, рұқсат карталары) талаптарынан жіберілген ауытқуларды қоса алғанда, орындалған жұмыстардың көлемі мен мазмұнынан;
- 3) бөлшектердің, бұғаулардың және бұйымдардың іс жүзіндегі сипаттамалары мен параметрлерінен;
- 4) жұмыстарды орындау мен бақылау күнінен;

5) жөндеуді орындаушылар мен бақылаушылардың тегінен және қолынан (мөртаңбасынан, жеке таңбасынан) тұратын бақылау құжаттамасы ресімделеді.

Бақылау құжаттамасын осы Сертификаттау талаптарының 22-тармағына сәйкес электрондық түрде жүргізуге және электрондық базада сақтауға жол беріледі.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымы ондағы ақпараттың өзектілігін сақтау үшін АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның ресімдері бойынша нұсқаулыққа қажетті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етеді.

АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның ресімдері бойынша нұсқаулықты және оның кейінгі өзгерістерін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым бекітеді".

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрлігінің міндеттін атқарушы*

И. Шархан

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК